



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
депутаты
А. Ғ. Толамисовқа

2022 жылғы 29 қыркүйектегі
№ 16-13-16 ДС хатына

Құрметті Амангелді Ғабдылкәрімұлы!

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі сауалға қатысты мынаны хабарлаймын.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың коммуналдық тұрғын үй қорынан немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйден тұрғын үй алуға бірінші кезектегі құқығы бар («Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңының 67-бабы (бұдан әрі – Заң).

Заңға сәйкес жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға коммуналдық тұрғын үй қорынан немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйлердің жалпы санының кемінде жиырма пайызы бөлінеді (Заңның 74-бабы).

Анықтама: 1.09.2022 жылғы жағдай бойынша тұрғын үй алуға кезекте тұрғын үйге мұқтаж 621 127 азамат тұр, оның ішінде 60 962 – «жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар» санаты бойынша.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жылына берілетін тұрғын үй саны 38 % - ға өсті (2013 жылы 758 пәтерден 2021 жылы 1211 пәтерге дейін). Ағымдағы жылдың 9 айында мемлекеттік тұрғын үй қорынан 5 165 азамат, оның ішінде жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 534 балалар тұрғын үймен қамтамасыз етілді.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында барлық өңірлерде осы санаттағы балаларды қолдау жөніндегі кешенді жоспарлар әзірленді, онда жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды бюджеттен тыс, демеушілік қаражат есебінен, сондай-ақ патронаттық ұйымдардың қаражаты есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар көзделген.

Бұдан басқа, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілеріне «Отбасы банк» АҚ-да депозиттік шоттар ашылды, олар асыраушысынан айрылу,

мүгедектік, алимент бойынша алатын жәрдемақылары есебінен, сондай-ақ әлеуметтік әріптестердің, бизнес-құрылымдардың қаражат аударуы жолымен толықтырылады.

Анықтама: 2016-2022 жылдар аралығында демеушілердің қолдауымен «Отбасы банк» АҚ арқылы Ақтөбе 65, Шығыс Қазақстан 43, Солтүстік Қазақстан 4, Павлодар 15, Қостанай облыстары 1, Абай 1 пәтер сатып алынды.

Бұл ретте, «Қазақстан халқына» Қоғамдық қорының тұжырымдамасына сәйкес жылжымайтын мүлік, оның ішінде тұрғын үй сатып алу мәселелері қарастырылмаған.

Сонымен қатар, тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасында көп балалы отбасыларға, мүгедек балалардың тәрбиешілеріне, 1 және 2 топтағы мүгедектерге, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға 2% мөлшерлемемен 10% бастапқы жарнамен кредиттер беру көзделген (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 736 қаулысымен бекітілген*).

Тұрғын үй қатынастары саласындағы жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі қолданыстағы заңнаманы жетілдіру мақсатында заңға өзгерістер енгізілді, атап айтқанда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды алты айдан үш айға дейін тұрғын үй алуға кезекке қою мерзімі қысқартылды (*Заңның 71-бабы*).

Сондай-ақ Парламент Мәжілісінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы талқыланады. Заң жобасына тұрғын үйге мұқтаж адамдарды есепке алу, жалдау ақысын субсидиялау, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үй алуға кезекке қою, республикалық маңызы бар қалаларда үш жылдық тіркеудің міндетті талабын алып тастау және т.б. нормалар енгізілген.

Жетім балалар мен ата - анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қамтамасыз ету жұмыстары жалғасуда және Үкіметтің ерекше бақылауында.

Ә. Смайылов